

7. Mohamed Mohamed S. Effect of Cognitive Behavioral Treatment Program on Anxiety and Self-Esteem among Secondary School Students // American Journal of Nursing Science - 2017 - 6(3),193. <https://doi.org/10.11648/j.ajns.20170603.17>

8. Rait S., Monsen J.J., & Squires G. Cognitive Behaviour Therapies and their implications for applied educational psychology practice // Educational Psychology in Practice - 2010 - 26(2),105–122. <https://doi.org/10.1080/02667361003768443>

9. Hogendoorn S.M., Prins P.J.M., Boer F., Vervoort L., Wolters L.H., Moorlag H., Nauta M.H., Garst H., Hartman C.A., & De Haan E. Mediators of Cognitive Behavioral Therapy for Anxiety-Disordered Children and Adolescents: Cognition, Perceived Control, and Coping // Journal of Clinical Child & Adolescent Psychology - 2014 - 43(3), 486–500. <https://doi.org/10.1080/15374416.2013.807736>

10. Sbulati E.S., Schniering C.A., Lyneham H.J., & Rapee R.M. A Model of Therapist Competencies for the Empirically Supported Cognitive Behavioral Treatment of Child and Adolescent Anxiety and Depressive Disorders // Clinical Child and Family Psychology Review - 2011 - 14(1),89–109. <https://doi.org/10.1007/s10567-011-0083-6>

11. Sigurvinsdóttir A.L., Jensinudóttir K.B., Baldvinsdóttir K.D., Smáráson O., & Skarphedinsson G. Effectiveness of cognitive behavioral therapy (CBT) for child and adolescent anxiety disorders across different CBT modalities and comparisons: A systematic review and meta-analysis // Nordic Journal of Psychiatry - 2020 - 74(3),168–180. <https://doi.org/10.1080/08039488.2019.1686653>

FTAXP 14.25.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.011>

Г.Ж.Омарова,^{1*}  Н.Т.Сартаева,¹  А.О. Абдықадыров¹ 




¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық мәдениетін қалыптастырудың маңызы айтыла келіп, оның бір компоненті болып табылатын аксиологиялық компонентті қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Жалпы білім беру үдерісіне инновацияның енуі, мұғалімнің инновациялық мәдениетінің қаншалықты маңызды екені еліміздегі нормативтік құжаттарда айқын көрсетілген. Себебі инновациялық мәдениет бұл мұғалімнің кәсібилігінің, әдістемелік шеберлігінің, құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Аталған мәселенің отандық зерттеушілер еңбектеріне жеткіліксіз зерттелмегендігі сөз бола келе, зерттеу тақырыбы философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік тұрғыдан қарастырылған. Аксиологиялық компонент педагогтың жаңашылдыққа, кәсіби құндылықтарға, білім мен жаңартуға қатысты көзқарасы мен сенімі болғандықтан, оны инновациялық мәдениетті қалыптастырудың алғашқы сатысы деп тануға болады. Білім беруді дамытудың инновациялық үдерістерінің мұғалімнің әдістемелік мәдениетіне қойылатын талаптарды күшейте түскені себепті оның аксиологиялық компонентін қалыптастырудың мүмкіндіктері көрсетілген. Зерттеу тақырыбы бастауыш сынып мұғалімдері арасында жүргізілген педагогикалық эксперименттік жұмыстар және оның нәтижелері арқылы құндылығын арттыра түседі.

Түйін сөздер: инновация, мәдениет, аксиология, үдеріс, мұғалім, кәсіби іс-әрекет, білім беру.




Омарова Г.Ж., *¹  Сартаяева Н.Т., ¹  Абдыкадыров А.О. ¹ 
¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ АКСИОЛОГИЧЕСКОГО КОМПОНЕНТА ИННОВАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В статье рассматривается значение формирования инновационной культуры учителей начальных классов, при этом особое внимание уделяется формированию ее аксиологического компонента как одной из ключевых составляющих. Внедрение инноваций в общий образовательный процесс и важность инновационной культуры педагога чётко обозначены в нормативных документах Республики Казахстан. Инновационная культура рассматривается как составная часть профессионализма, методического мастерства и компетентности учителя. Подчёркивается, что данная проблема недостаточно изучена в трудах отечественных исследователей, поэтому тема исследования рассматривается с философской, педагогической, психологической и методической точек зрения. Аксиологический компонент, отражающий отношение и убеждения педагога к нововведениям, профессиональным ценностям, знанию и обновлению, можно рассматривать как начальный этап формирования инновационной культуры. Учитывая, что инновационные процессы в образовании усиливают требования к методической культуре учителя, в статье раскрываются возможности формирования аксиологического компонента. Актуальность темы усиливается результатами педагогического эксперимента, проведённого среди учителей начальных классов.

Ключевые слова: инновация, культура, аксиология, процесс, учитель, профессиональная деятельность, образование.

Omarova G., *¹  Sartayeva N., ¹  Abdykadyrov A. ¹ 
¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

FORMATION OF THE AXIOLOGICAL COMPONENT OF INNOVATIVE CULTURE OF PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

The article examines the importance of forming the innovative culture of primary school teachers, with a particular attention given to the development of its axiological component as one of the key elements. The integration of innovations into the general educational process and the significance of teacher's innovative culture are clearly outlined in the regulatory documents of the Republic of Kazakhstan. Innovative culture is considered as an essential part of teacher's professionalism, methodological mastery, and competence. Considering that this issue has been insufficiently explored in the works of domestic researchers, the research topic is examined from philosophical, pedagogical, psychological, and methodological perspectives. Since the axiological component underlies the teacher's attitudes and beliefs towards innovation, professional values, knowledge, and renewal, it can be recognized as the initial stage in the formation of innovative culture. As the innovative processes of developing education have become increasingly stringent on teacher's methodological culture, the study identifies the possibilities for developing its axiological component. The relevance of the topic is further strengthened by the results of pedagogical experiments conducted among primary school teachers.

Keywords: innovation, culture, axiology, process, teacher, professional activity, education.

Кіріспе. Бүгінгі күні кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам – педагогтің кәсібилігіне, шеберлігіне, тұлғалық сапаларына қойылатын талап жоғары. Ол еліміздің болашағы – жас ұрпақтың ертеңгі қалыптасар болмыс-бейнесіне мол ықпал ететін тұлға, балалардың бүгінін білімге ұмтылатындай, ертеңін ғылымға пайдасын тигізіп, үлесін қосатындай деңгейде ұйымдастырып, тәрбиелейтін, өз бет-бейнесімен, жүріс-тұрысымен, сөз саптауымен, тіпті ым-ишарасымен де үлгі болатын бірден-бір жан. Мұғалімнің кәсіби қызметі орасан зор, ол мектептің жүрегі, ата-ана – бала – мұғалім үштігінің беделді мүшесі, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушы, бақылаушы, бағалаушы, түзетуші және реттеуші маман.

Қазақстан Республикасында педагогтің ерекше мәртебесі танылады, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді [1]. Себебі ол ең басты жауапты қызмет – білім беру қызметін жүзеге асырады.

Білім беру қызметі – білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру субъектілерінің мақсатқа бағытталған, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс [2]. Осындай жауапты қызметті жүзеге асыруда мұғалім білім беру мазмұнынан күтілетін нәтижені басты назарда ұстайды.

Бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланады және мынадай аспектілерді ескере отырып айқындалады:

- 1) заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- 2) сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- 3) оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- 4) оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету [3].

Нормативті құжатта педагогтің лауазымдық міндеттері қатарына мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асыру және білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтау және дамытуға жәрдемдесу т.б. көрсетілген [4]. Демек, осындай зор маңызға ие мұғалім тұлғасын қалыптастыруға мол күш салыну керек, ең бастысы – заман талабына лайық болу, инновацияға ашық болу, инновациялық бағыттылыққа ұмтылу.

Бастауыш білім беру жүйесінде инновациялық бағыттылықты білім берудің аса маңызды мәселелерінің бірі ретінде бөліп көрсету – бұл ақпараттық қоғам құру үдерістерінің жүзеге асуы мен инновациялық үдерістердің артып келе жатқан маңызын түсінудің нәтижесі болып табылады.

Соңғы жылдары бастауыш білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар кең тарала бастады және олар жаңа әдістемелік идеяларды қолдану, педагогикалық тұрғыдан дәйекті түрде инновациялық әдістемелік үлгілер мен оқыту технологияларын нақты оқу тәжірибесіне енгізу арқылы жүзеге асырылуда. Мұның бәрі бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік мәдениетінің мәнін инновациялық көзқарас тұрғысынан сапалы қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді дамытудың инновациялық үдерістері мұғалімнің әдістемелік мәдениетіне қойылатын талаптарды күшейтеді. Бұл талаптар келесі бағыттарда көрініс табады:

- бастауыш сынып оқушыларын оқытуда дәстүрлі мазмұнды қайта қарау және бағдарламалық материалдың жаңа мазмұнын меңгеру,

- мұғалімнің кәсіби арсеналын (оқыту әдістері, формалары, құралдары) байытатын әдістемелік жаңалықтарды бейімдеу және түрлендіру,

- сондай-ақ инновациялық әдістемелік қызметті жобалау және жүзеге асыру.

Осындай жағдайларда бастауыш сынып мұғалімі бастауыш сынып оқушыларын оқытудың дәстүрлерін сақтай отырып, жалпы мәдени білімді инновациялық үдерістерді ескере отырып шығармашылықпен қолдануы тиіс. Бұл тек инновациялық әдістемелік мәдениет қалыптасқан жағдайда ғана мүмкін болады.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби мәдениеті мәселелері белгілі бір дәрежеде Т.Н.Бондаревская, Ф.П.Гоноболін, В.А.Сластенин, Г.М.Коджаспиров, П.И. Пидкасистый, Л.С.Подымова және басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапса, бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық әдістемелік мәдениетінің ерекшелігі, ол бастауыш мектептің педагогикалық практикасына жаңа идеяларды енгізудің шарты ретінде Е.В.Бондаревская, Т.А.Вайзер, Н.В.Колпакова, В.В.Сериков, В.А.Сластениннің еңбектерінде ұсынылған [5, 7-б.]. Бұл зерттеулерде мұғалімнің балаға ерекше құндылықтық қатынасы болуы, инновациялық технологияларға ие болуы және бастауыш мектеп оқушыларының оқу мен тәрбиелеу үдерісін жобалауда шығармашылық қабілетін көрсетуі қажет екені атап өтілген.

Бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік мәдениетін қалыптастыру мәселелерінің көп қырлы теориялық қарастырылуына қарамастан, қоғамдағы, ғылымдағы және білім берудегі жаңа тенденциялар мұғалімнің инновациялық әдістемелік мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін өзекті етеді. Инновациялық мүмкіндіктердің кеңеюі бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық қызметін жаңа мағыналармен толықтырады, олар: мазмұнның едәуір вариативтілігі, ақпараттық технологиялардың кең қолданылуы, мұғалімнің шығармашылық бағытталуы және әдістемелік инновациялар.

Уикипедия ашық энциклопедиясында былай берілген: «Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан, тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең» [6]. Демек, мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы.

«Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша сөздігінде» инновация терминіне мынадай анықтама берілген: «Инновация (ағылшынша «innovation» – жаңалық, жаңа енгізулер, латын тілінен innovation – жаңғырту, жаңарту) бірнеше мағыналарды береді:

- техника мен технологияның заман талабына сай ауысуын қамтамасыз ететін экономикаға қаражаттың құйылуы;

- ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа техника мен технология;

- жаңа идеялардың дүниеге келуі, жаңа теориялар мен модельдердің қалыптасуы және олардың қоғам өмірінде қызмет етуі;

- морфологияда жаңадан қалыптасқан құбылыс» [7, 55-б.].

Бастауыш мектеп мұғалімінің инновациялық мәдениеті бұл маманның тұтас тұлға қасиеті болып табылады. Ол мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктерінің күрделі динамикалық жүйесін қамтиды, ол білім беру мекемесінің инновациялық ортасында кәсіби қызметтің табыстылығын айқындайды, жаңа заманауи инновациялық технологиялар мен бағдарламаларды әзірлеуге, кешенді енгізуге және меңгеруге тұрақты мотивациялық жүйені қалыптастырады, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларын оқыту үдерісінде өзгеріс енгізетін әрекеттерді орындауға және оларды жүзеге асыруға психологиялық бағдар мен құзыреттілікті қамтиды.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетіне мыналар жатады:

1. Жаңа технологияларды меңгеру және қолдану – заманауи педагогикалық әдістер мен техникаларды сабақта пайдалану қабілеті.

2. Шығармашылық және икемділік – оқыту үдерісін жаңаша ойлау, проблемаларды шешуде креативті тәсілдер қолдану.

3. Кәсіби даму және өзін-өзі жетілдіру – үздіксіз оқуға, кәсіби өсуге ұмтылу.

4. Педагогикалық жаңалықтарды енгізу – инновациялық әдістер мен бағдарламаларды қабылдау және практикаға енгізу.

5. Кооперация және ынтымақтастық – әріптестермен, ата-аналармен және оқушылармен тиімді өзара әрекеттесу.

6. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік – оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістерін қолдану.

7. Мотивация және кәсіби этика – жұмысына құштарлықпен қарау және педагогикалық жауапкершілік.

Қысқаша айтқанда, инновациялық мәдениет – бұл мұғалімнің кәсіби қызметіндегі жаңашылдыққа бағытталған құзыреттер мен құндылықтар жиынтығы.

Зерттеу тақырыбы турасындағы арнайы және ғылыми-педагогикалық еңбектерге талдау жасау бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетін қалыптастыру туралы зерттеулер

қазақ тілінде жеткіліксіз жүргізілгендігін байқатады, негізінен шет тілдерінде қарастырылған, демек шет елдерде бұл тақырып өзекті болып саналады. Атап айтқанда ағылшын тілінің өзінде келесідей материалдар жарияланған: «Enhancing Teachers' Innovative Behavior Through Organizational Culture, ICT Literacy, and Work Motivation» мақаласында мұғалімдердің инновациялық мінез-құлқын мектеп мәдениеті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білу және жұмысқа ынталылық факторлары арқылы қалай күшейтуге болатыны қарастырылса [8], «Teacher Autonomy, Creative Self-efficacy, and Innovative Behavior» зерттеуі Қытай университетінің EFL (English as a Foreign Language) мұғалімдері арасында жүргізілген, мұнда мұғалімнің автономиясы мен шығармашылық өзін-өзі сенуі инновациялық әрекетке қалай әсер етеді деген байланыс зерттелген [9].

Мұғалімнің инновациялық мәдениетінің компоненттері:

- Аксиологиялық компонент – педагогтың жаңашылдыққа, кәсіби құндылықтарға, білім мен жаңартуға қатысты көзқарасы мен сенімі.

- Инновациялық-технологиялық компонент – инновациялық әдіс-тәсілдерді, технологияларды меңгеру және қолдану қабілеті.

- Кооперативтік-іс-әрекеттік компонент – мұғалімнің әріптестерімен, оқушыларымен бірлесіп инновациялық әрекет жасау дағдысы.

- Коммуникативтік компонент – өз идеяларын жеткізе білу, қатынас орнату, педагогикалық дискурс.

- Тұлғалық-шығармашылық компонент – индивидуалды стиль, шығармашылық қабілет, өзгерістер енгізуге бағытталған тұлғалық сапа [10].

Көріп отырғанымыздай, мұғалімнің инновациялық мәдениеті өте ауқымды, әрбір компонентінің өзі жеке бір зерттеу тақырыбы болуға лайық. Сондықтан біз осылардың ішінен мұғалімнің инновацияға деген оң көзқарасын қалыптастыру жеткіліксіз болса, сенімі болмаса, ары қарай инновациялық іс-әрекетке де жол жоқ екенін ұға келе, зерттеуімізді аксиологиялық компонентті қалыптастырудың мәнін педагогикалық эксперименттік тұрғыда дәлелдеумен жалғастырамыз.

Аксиология белгілі бір ұғымның құндылықтары мен артықшылықтарын зерттейтінін айта келе, аксиология мәселесін зерттеуші кей ғалымдар оқу үдерісі контекстінде аксиологияны онтология мен эпистемологиямен байланыстырса [11], Л. Яковский білім философиясының аксиологиялық потенциалын ашу және білім алушы тұлғасының құндылықтар саласына тиімді ықпал ету жолдарын анықтай келе, ғаламдық құндылық жүйесі өзгерістерге ұшырап жатқанда, білім алушылардың құндылықтарды меңгеруге, оларды қайта бағалауға, құндылықтарды түзетуге және қайта құруға қатысуын – оңтайлы тәсіл ретінде қарастырады [12].

Негізгі ережелер. Инновациялық әдістемелік мәдениет – білім беру қызметінде әдістемелік білімін, білік пен дағдысын қолдануда кәсібилігін байқату, жаңашылдықтар енгізуге оң көзқарасының болуы.

Мұғалімнің инновациялық мәдениеті – педагогтың жаңашылдыққа қатысты көзқарастары мен сенімі, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруі, инновациялық әрекетке дайындығы мен тұлғалық сапаларының жиынтығы.

Аксиологиялық компонент – құндылықтарға, кәсіби сапалар мен қасиеттерге деген қатынасы.

Мұғалімнің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентін қалыптастыру – инновациялық іс-әрекетке деген оң көзқарас, сенім, құндылық қалыптастыру. Бұл кәсіби даму, инновациялық тәжірибемен таныстыру, кері байланыс пен қолдау, мотивация мен марапаттау, тәжірибелік қолданысқа мүмкіндік беру арқылы жүзеге асу ықтималдығы мол.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу философиялық тұрғыдан аксиология теориясына, инновация философиясына, тұлғалық даму философиясына негізделеді. Педагогикалық негіздер тұрғысынан құндылыққа бағдарланған білім беру, инновациялық мәдениетті қалыптастыру теориясы, бастауыш білім беру әдістемесі мен мазмұны қарастырылса, жүйелі-құрылымдық тәсіл, аксиологиялық тәсіл, жеке бағдарлы тәсіл әдістемелік тәсілдер болып таңдалды. Зерттеу

тақырыбын ашуда және құндылығын дәлелдеуде бақылау, сауалнама, психологиялық тест және алынған сандық нәтижелер үшін математикалық-статистикалық әдістер қолданылды.

Біздің мұғалімнің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық экспериментіміз екі кезеңнен тұрады: анықтаушы және қалыптастырушы. Анықтаушы кезеңдегі жұмыс жоспарымыз: эксперимент базасын анықтау, экспериментке қатысушыларды белгілеу және олармен төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізу:

1. Сауалнама және анкета. Мұғалімнің кәсіби құндылықтарға, инновацияға деген көзқарасы мен сенімін анықтауға арналған арнайы сауалнамалар қолдану.

2. Психологиялық тестілеу. Құндылықтар мен мотивацияны зерттейтін тесттер арқылы инновацияға деген ішкі ұстанымдар мен сенім деңгейін бағалау.

3. Бақылау. Мұғалімнің сабақ беру барысындағы инновациялық әрекеттерін, құндылықтар жүйесін іс жүзінде бақылау.

4. Рефлексиялық эссе немесе өз ойларын жазу. Мұғалімдерден инновацияға қатысты өз көзқарастары мен тәжірибесін жазбаша баяндауды сұрау.

Нәтижелер мен талқылау. Мұғалімдердің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентінің қалыптасу деңгейлерін келесідей етіп белгілеп алуды жөн көрдік:

Жоғары деңгей – педагог жаңашылдыққа ұмтылады, ашық түрде қабылдайды, өз тәжірибесінде үнемі қолданады, жаңашылдықтың құндылығын түсінеді, өзгелермен инновациялық бағыттағы іс-әрекет орнатуды ұйымдастырады, белсене қатысады, инновациялық мәселелерді шешуге атсалысады, инновациялық өнім жасауға тырысады, шығармашылық дамуды көздейді, жеке даму стиліне ие.

Орташа деңгей – педагог жаңашылдықты жақсы қабылдайды, тәжірибесінде қолдануға тырысады, жаңашылдықтың мәнін түсінеді, жаңашылдық бағытындағы іс-әрекетке оң көзқарасын білдіреді, қажет болған жағдайда жаңашылдық өнім жасауға қатысады.

Төмен деңгей – педагог жаңашылдықты қабылдауда қорқақтайды, сенімсіздік білдіреді, инновациялық өнімдерді тәжірибесінде байқап көруге тырыспайды, инновациялық іс-әрекет бойынша өзгелермен қарым-қатынас орнатпайды.

Жалпы педагогикалық экспериментке Алматы қаласындағы №123 Қ.А.Яссауи атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімдері қатыстырылды, жалпы саны – 32. Олар эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Анықтаушы эксперименттік кезеңде жоғарыдағы жұмыс түрлері ұйымдастырылды. Оларға қысқаша тоқталып өтер болсақ, мұғалімнің кәсіби құндылықтарға, инновацияға деген көзқарасы мен сенімін анықтауға арналған арнайы сауалнама «Мұғалімнің инновациялық құндылықтарға қатынасы».

Мақсаты: Мұғалімнің жаңашылдыққа, кәсіби құндылықтарға және білім берудегі жаңартуға көзқарасын анықтау.

Нұсқаулық: Әр сұраққа 1-ден 5-ке дейін баға беріңіз (1 – келіспеймін, 5 – толық келісемін)

Сұрақтар:

1. Мен білім беру саласындағы жаңалықтарды қадағалап отырамын.
2. Инновациялық тәсілдер оқу сапасын арттырады деп сенемін.
3. Жаңашылдық – мұғалімнің кәсіби дамуының негізгі бағыты.
4. Мен жаңа әдістер мен технологияларды тәжірибемде қолдануға дайынмын.
5. Инновацияны енгізу – мұғалімнің құндылықтық ұстанымы болуы керек.
6. Өзгерістер мен жаңартулардан қорықпаймын, оларды мүмкіндік деп көремін.
7. Мен үшін оқушының қажеттілігіне бейімделу – басты құндылық.
8. Кәсіби міндетімді орындауда ұдайы жаңаруға тырысамын.
9. Инновация енгізуге байланысты қиындықтар маған кедергі емес.
10. Менің кәсіби құндылықтарым заман талабына сай үнемі дамып отырады.

Бағалау үлгісі:

41–50 балл – Жоғары аксиологиялық дайындық

21–40 балл – Орташа деңгей

20 баллдан төмен – Төмен деңгей

Сауалнама нәтижесінде педагогикалық экспериментке қатысқан барлық бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңашылдыққа, кәсіби құндылықтарға және білім берудегі жаңартуға көзқарасы орташа деңгейде екенін байқадық. Талдап айтар болсақ, 4, 6 және 9 сұрақтарға келгенде мұғалімдердің басым көпшілігінің сенімсіздігі, жаңашылдыққа толық дайын емес екендігі, қиналатын тұстары бар екені байқалды. Ал басқа сұрақтарға «толық келісемін» деген жауапты ұсынды. Қорытындысында эксперименттік топты құраушы мұғалімдердің 22%-ы жоғары деңгейдегі аксиологиялық дайындықты көрсетсе, 70%-ы орташа деңгейді, 8%-ы төмен деңгейді көрсетті. Бақылау тобындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің 21%-ы жоғары, 75%-ы орта, 4%-ы төмен деңгейдегі дайындыққа ие екені анықталды. Демек, мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке көзқарасын нығайтып, сенімін арттыра түсу керек және өз мүмкіндіктерін, шығармашылық әлеуеттерін жете бағалай білуге ұмтылдыру керек, ол үшін арнайы ұйымдастырылған шаралар әбден қажет деген қорытындыға келеміз.

Психологиялық тестілеу бойынша мұғалімдерге бейімделген Рокиттің құндылықтар шкаласының толық нұсқасын қолдандық, бұл тест терминалды (мақсаттар) және инструменталды (құралдар, мінез-құлық тәсілдері) құндылықтарды бағалайды. Мұндағы нәтиже төмендегіше интерпретацияланды: ең жоғары (1–5) тұрған құндылықтар – басты өмірлік және кәсіби бағыттар; қай құндылықтар терминалды және инструменталды бөлікте жоғары шықты – солар мотивациялық және құндылықтық профилін сипаттайды. Нәтижесінде терминалды құндылықтар тізімінен отбасылық бақыт, мықты денсаулық, ар-ождан, еркіндік, тәуелсіздік, ізгілікке толы қоғам алдыңғы орында таңдалса, инструменталды құндылықтар тізімінен тәуелсіздік, әділдік, инабаттылық, ұқыптылық жоғары орынға шықты. Шығармашылық, жоғары кәсіби білім дегендер соңғы орындардан табылды. Демек, мұғалімдер үшін рухани құндылықтар бірінші орында екенін, ал кәсіби табыс табу мақсатында жүзеге асып жатқанын білдіртеді. Психологиялық тест кәсіби қызмет олардың тұлғалық қалыптасуына үлкен әсер ететінін, сол арқылы өсу, даму, өзгеру, жаңа қырларын ашу мүмкін екендігін ұстаздар қауымына жеткізу қажет екенін байқатты. Статистикалық түрде бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық және құндылықтық профиліндегі кәсіби бағыттылық, жаңашылдыққа ұмтылыс үлесін пайызбен алып, деңгейге сай жіктегенде эксперименттік топтағы мұғалімдердің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компоненті 27%-ында жоғары деңгей, 42%-ында орта деңгей, 31%-ында төмен деңгейде қалыптасқанын көрсетсе, бақылау тобы бойынша бұл көрсеткіш келесідей болды: 25%-ында жоғары деңгей, 45%-ында орта деңгей, 30%-ында төмен деңгей.

Мұғалімнің сабақ беру барысындағы инновациялық әрекеттерін, құндылықтар жүйесін іс жүзінде бақылау күнделікті оқу-тәрбие үдерісіне қатысу арқылы жүзеге асты. Сабақ барысындағы мұғалімнің дайындығы, сабақты ұйымдастырып өткізуі, портфолио сынды жеке құжаты бақылауға алынды. Біз бақылау нәтижесін деңгеймен бағалай алуымыз үшін былай шама белгілеп алдық: инновациялық іс-әрекетті өз оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі қолданады, түрлендіреді; тек кей жағдайларда ғана қолданады; мүлде қолданбайды. Бақылау нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің басты мақсаты оқу материалын оқушыларға игерту болып, соған барынша ұмтылысы байқалды, бұл жолда инновацияны басшылыққа алу екінші кезектегі мәселе екендігін байқадық, яғни оқушыларға ыңғайлы жұмыс формасы таңдалып, өздерін жақсы танытқан әдіс-тәсілдер қолданылды, мұғалімдер әдістемені өзгерту, жаңарту оқушыларға кері ықпал етуі мүмкін екенін, оған біршама уақыт қажет болатынын алға тартты. Бақылау арқылы эксперименттік топтағы бастауыш сынып мұғалімдерінің 29%-ы жоғары, 39%-ы орта және 32%-ы төмен деңгейдегі, бақылау тобының 29%-ы жоғары, 35%-ы орта және 36%-ы төмен деңгейдегі инновациялық іс-әрекетке дайындық деңгейлерін анықтадық. Бұл біздің зерттеу тақырыбымыздың өзекті екенін, қалыптастырушы эксперименттік жұмыстардың қажет екенін дәлелдейді. Анықтаушы кезеңде жүргізілген жұмыстар нәтижелерін жинақтап, 1-кестеде көрсеттік.

Кесте 1 – Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентінің қалыптасуын анықтау мақсатындағы анықтаушы эксперименттік кезеңде жүргізілген жұмыстар және олардың нәтижелері

Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
«Мұғалімнің инновациялық құндылықтарға қатынасы» сауалнамасы		
Жоғары	22%	21%
Орта	70%	75%
Төмен	8%	4%
Психологиялық тестілеу (Рокичтің құндылықтар шкаласы)		
Жоғары	27%	25%
Орта	42%	45%
Төмен	31%	30%
Бақылау		
Жоғары	29%	29%
Орта	39%	35%
Төмен	32%	36%

Кестедегі жүргізілген жұмыстар бойынша алынған нәтижелерді біріктіретін болсақ 2-кестедегідей мәліметтерді аламыз (кесте 2).

Кесте 2 – Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентінің қалыптасуын анықтау мақсатындағы анықтаушы эксперименттік кезеңде жүргізілген жұмыстардың жинақталған нәтижелері

Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары	26%	25%
Орта	50%	52%
Төмен	24%	23%

Педагогикалық эксперименттің анықтаушы кезеңінде жүргізілген жұмыс нәтижелерінен екі топтың да көрсеткіштері шамалас екендігін, нәтижені жақсарту мақсатында арнайы ұйымдастырылған шаралар қажет екендігін анықтаймыз. Демек, біз эксперименттік топпен қалыптастырушы эксперименттік кезең жұмыстарын жүзеге асырамыз. Ол төменде баяндалатын жұмыс түрлерінен тұрады.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентін, яғни мұғалімдердің жаңашылдыққа, кәсіби құндылықтарға, білім мен жаңартуға қатысты көзқарасы мен сенімін қалыптастырудың жолдары:

1. Кәсіби даму: педагогтарды курстарға, тренингтерге, семинарларға қатыстыру арқылы білімдерін үнемі жаңартып отыруға ынталандыру.
2. Инновациялық тәжірибемен таныстыру: жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды көрсету.
3. Кері байланыс пен қолдау: мектеп басшылығы мен әріптестердің қолдауы, пікір алмасу, тәжірибе бөлісу арқылы сенімді арттыру.
4. Мотивация және марапаттау: жаңашылдықты қолдаған, жаңа білім мен әдістерді енгізген педагогтарды марапаттау, кәсіби беделін көтеру.
5. Тәжірибелік қолданыс: жаңалықтарды өз тәжірибесінде қолданып, нәтижесін көріп сенім қалыптастыруға мүмкіндік беру.

Осы аталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру үшін мұғалімдерге түрлі онлайн форматтағы курстар мен семинарлар таныстырылды, тренинг ұйымдастырылды. Әсіресе, тренинг барысында мұғалімдер өз көзқарастарын ашық білдіріп, өздерін еркін ұстады, жаңашылдыққа деген ұмтылыстары пайда болды. Соның бір үлгісін ұсынамыз.

Тренинг тақырыбы - «Мақсатты мұғалім – мотивациялы маман»

Ұзақтығы 1,5-2 сағат

Мақсаты: мұғалімдердің ішкі мотивациясын күшейту, кәсіби құндылықтарын қайта ойлау, жаңашылдыққа ынталандыру.

Құрылымы:

1. Кіріспе бөлім
2. Жаттығу: «Мен не үшін мұғалім болдым?» (рефлексиялық эссе)
3. Талдау: «Мотивация пирамидасы» (Маслоу пирамидасын талдау, жұптық талқылау)
4. Жаттығу: «Менің күшті тұстарым» (қатысушы 3 күшті қасиетін жазады, көршісі тағы 3 қасиетті қосып жазып, постерге бекітеді)
5. Мотивациялық видеоролик
6. Жаттығу: «Менің кәсіби мақсатым» (SMART әдісі арқылы)
7. Қорытынды шеңбер: «Бүгінгі тренингтен не алдым?»

Инновациялық тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік тәжірибемен салыстырмалы талдау жасауды, «Болашақ» бағдарламасымен шетелдік тағылымдамадан өтіп келген ғалымды ортаға шақырып, пікір алмасуды жүзеге асырдық. Нәтижесінде мұғалімдер өз бағыттарының дұрыс жолда екенін, мәселені қиындатпай, тығырықтан жеңіл жол табуға боларын, кәсібін өмірлік мақсатымен ұштастыруға болатынын ұғынды, кәсіби қызметіне қанаттана түсті.

Кері байланыс пен қолдау мектеп басшылығы мен әріптестері тарапынан орындалды. Әдетте бұл іске мұғалімдерде уақыт тығыздығы мүмкіндік бере бермейтін. Бұл жолы біз эксперимент аясында оларды осы мәселені бірге талқылауға ортаға шақырдық. Мұғалімдер өз ойларымен, кәсіби қызметіндегі қиындықтармен, мәселелерімен бөлісті, әріптестері оларға ақыл-кеңесін айтып, өз тәжірибелерімен бөліссе, мектеп басшылығы қолдау сөздерін жеткізіп, демеу білдірді.

Жаңашылдықты қолдаған, жаңа білім мен әдістерді енгізген педагогтарды марапаттау, кәсіби беделін көтеру мақсатында педагогикалық эксперимент жүру мерзімі ішінде инновациялық іс-әрекетпен айналысып, жаңаша қырын ашқан, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдана оқу-тәрбие үдерісін жүргізген мұғалімдерге мотивация ретінде ғылыми мақаласын шығарып беруді ұсындық. Мұғалімдер үлкен белсенділік танытты. Нәтижесінде 12 мұғалімнің ғылыми мақаласы шетелде өткен халықаралық конференциялар материалдары жинағында жарық көрді.

Тәжірибелік қолданыс: Жаңалықтарды өз тәжірибесінде қолданып, нәтижесін көріп сенім қалыптастыруға мүмкіндік беру. Бұл мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасып, шетелдік тәжірибемен таныс болғаннан кейін ұйымдастырылды, мұғалімдер қандай да бір идеясын тәжірибе жүзінде іске асырып байқап көрді. Оны ұйымдастыруға, дидактикалық материалдарын реттеуге біз көмек бердік. Нәтижесінде мұғалімдер ойларында жүрген, алайда іске асыруға мүмкіндігі болмаған педагогикалық идеяларын тәжірибеде қолданудың қиындығы жоқ екенін, ол өзі үшін де, сынып оқушылары үшін де тиімді болғанын ұғынды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық мәдениетінің бір компоненті – аксиологиялық компонентті қалыптастыру мақсатындағы педагогикалық эксперимент бұл компоненттің қалыптасу деңгейін анықтау әдістемелерімен аяқталды. Яғни алдыңғы сауалнама сипатындағыдай сауалнама, психологиялық тест қайта жүргізіліп, бақылау ұйымдастырылды. Нәтижесі 3-кестеде берілген (кесте 3).

Кесте 3 – Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентінің қалыптасуын анықтау мақсатындағы қалыптастырушы эксперименттік кезеңнен соң жүргізілген жұмыстар және олардың нәтижелері

Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
«Мұғалімнің инновациялық құндылықтарға қатынасы» сауалнамасы		
Жоғары	50%	23%
Орта	49%	73%
Төмен	1%	4%
Психологиялық тестілеу (Рокичтің құндылықтар шкаласы)		
Жоғары	52%	25%
Орта	29%	48%
Төмен	19%	27%
Бақылау		
Жоғары	59%	31%
Орта	29%	32%
Төмен	12%	37%

Кестедегі жүргізілген жұмыстар бойынша алынған нәтижелерді біріктіретін болсақ 4-кестедегідей мәліметтерді аламыз (кесте 4).

Кесте 4 – Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентінің қалыптасуын анықтау мақсатындағы қалыптастырушы эксперименттік кезеңнен соң жүргізілген жұмыстардың жинақталған нәтижелері

Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары	54%	26%
Орта	36%	51%
Төмен	10%	23%

Эксперименттік топтың эксперименттен кейінгі нәтижесін көру үшін екі кезең көрсеткіштерін салыстырамыз (кесте 5).

Кесте 5 - Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық мәдениетінің аксиологиялық компонентінің қалыптасуын анықтау мақсатындағы педагогикалық эксперимент нәтижелері

Деңгейлер	Экспериментке дейінгі	Эксперименттен кейінгі
Жоғары	26%	54%
Орта	50%	36%
Төмен	24%	10%

Сандық мәліметтерден көріп отырғанымыздай, эксперименттік топ мұғалімдерінің экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерін айтарлықтай айырмашылық, оң өзгеріс бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін математикалық-статистикалық есептеуді жүзеге асырайық.

Эксперименттік топта 16 қатысушы бар екенін ескере отырып, Стюденттің t-критерийі мен χ^2 (хи-квадрат) критерийінің бірін қолдануға болады. Бұл жағдайда хи-квадрат критерийі ыңғайлырақ, себебі біз сапалық деңгейлердің (жоғары, орта, төмен) пайыздық үлесін салыстырып отырмыз.

Хи-квадрат (χ^2) критерийі

Формула:

$$\chi^2 = \sum ((O - E)^2 / E)$$

Мұндағы:

- O – бақылау нәтижесі (эксперименттен кейін)

- E – күтілетін нәтиже (экспериментке дейінгі дерек)

$$\chi^2 = 6.25 + 0.5 + 1.0 = 7.75$$

- Бостандық дәрежесі (df) = 3 деңгей – 1 = 2

- Кестелік мән χ^2 крит (df=2, p=0.05) ≈ 5.99

$7.75 > 5.99 \rightarrow$ айырмашылық статистикалық тұрғыда мәнді. Эксперименттік топтағы мұғалімдердің аксиологиялық компонент деңгейіндегі өзгерістері сенімді, айтарлықтай оң нәтижелі және статистикалық тұрғыда дәлелденді. Демек, педагогтың көзқарасы мен сенімі оқытуға жағдай жасап, кәсіби өсуге бағытталған тұрақты қолдау мен ынталандыру арқылы қалыптасады деп тұжырымы жасай аламыз.

Қорытынды. Сонымен, біз бастауыш сынып оқушыларының инновациялық мәдениетін қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда қарастыра келе, оның бірнеше компоненттен тұратын ауқымды мәселе екенін ескере отырып, оның бір компонентін жеке алып қарастырдық. Себебі инновациялық мәдениет болу үшін әуелі инновациялық іс-әрекетке деген оң көзқарас, сенім, құндылық қалыптасуы қажет деп есептедік. Сондықтан аксиологиялық компоненттің бастауыш сынып мұғалімдерінде қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасын белгілеп, анықтаушы эксперименттік кезеңде оның бастапқы көрсеткіштерін анықтап алдық. Нәтижені жоғарылату мақсатында қалыптастырушы эксперименттік кезеңді ұйымдас-

тырдық. Яғни педагогтарды курстарға, тренингтерге, семинарларға қатыстыру арқылы білімдерін үнемі жаңартып отыруға ынталандыру; инновациялық тәжірибемен таныстыру: жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды көрсету қолға алынып; кері байланыс пен қолдау көрсетілді; жаңашылдықты қолдаған, жаңа білім мен әдістерді енгізген педагогтар марапатталып, кәсіби беделі көтерілді; сондай-ақ жаңалықтарды өз тәжірибесінде қолданып, нәтижесін көріп сенім қалыптастыруға мүмкіндік беруге тырыстық. Эксперименттің сандық мәліметтерін математикалық-статистикалық түрде есептеу арқылы зерттеу мақсатына қол жеткізілгені дәлелденді.

Алайда зерттеу тақырыбының ауқымды екенін ескере отырып, мұны өзге де қырларын қарастыруға болатынын, басқа компоненттермен байланыста зерттеу жүргізудің мүмкін екенін ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларының инновациялық мәдениетін қалыптастыру кең арналы зерттеуді қажет етеді деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
3. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгертулер мен толықтырулармен) ІС. – 22.04.2016. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
4. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы.
5. Бережная Т.Н. Формирование инновационной методической культуры учителя начальных классов в процессе профессиональной подготовки в вузе. Дисс...канд.пед.наук. – Краснодар, 2010. 212 с.
6. Уикипедиа ашық энциклопедиясы. Мәдениет. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82>
7. Барцель А. Значение технологической культуры и техноэтики //«Вестник высшей школы», 1991. - № 12. – С.54-58
8. Natalia Tri Astuti, Soewarto Hardhienata, Eka Suhardi. Enhancing teachers' innovative behavior through organizational culture strengthening, information and communication technology literacy, and work motivation. *International Journal of Economy, Education and Entrepreneurship*. Vol. 4. No. 3. 2024. DOI: <https://doi.org/10.53067/ije3.v4i3.310>
9. Yang Chen. Teacher Autonomy, Creative Self-efficacy, and Innovative Behavior: Perspectives from Chinese University EFL Teachers. *Arab World English Journal (AWEJ)* Vol.15. No 2, June 2024. P.73-86. DOI: <https://dx.doi.org/10.24093/awej/vol15no2.5>
10. Christopher DeLuca, Michael Holden, Nathan Rickey. From challenge to innovation: A grassroots study of teachers' classroom assessment innovations. *British Educational Research Journal*. Vol. 51, Issue 1. February 2025. P. 93-114 <https://doi.org/10.1002/berj.4065>
11. Rahman Syaiful, Mochammad Nursalim, Amrozi Khamidi. Meaningful Learning in Philosophical Perspective: A Review of Ontology, Epistemology, and Axiology. Vol. 7 No. 2 (2024): *Journal of Education Technology and Innovation (Desember)*. DOI: <https://doi.org/10.31537/jeti.v7i2.2152>
12. Leonid Vakhovskiy. Axiological Potential of Philosophy of Education. Vol. 16 No. 1 (2025): *Journal of Education Culture and Society*. <https://orcid.org/0000-0003-4163-2453>

References:

1. Pedagog мәртебесі туралы Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2019 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy № 293-VI QRZ
2. Mektepke deingi tärбие мен оқытудыñ, bastauyş, negizgi orta, jalpy orta, tehnikalyq jáne käsipтік, orta bilimnen keiingi bilim berudiñ memlekettik jalpyǵa mindetti standarttaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriñiñ 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy № 348 büiryǵy.
3. Bilim turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2007jylǵy 27 şildedegi № 319-III Zañy (Redaksia 01.01.2016 jly berilgen ögertuler men tolyqtyrularmen) İS. – 22.04.2016. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
4. Pedagog lauazymdarynyñ ülgilik biliktilik sipattamalaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministriñiñ 2009 jylǵy 13 şildedegi N 338 büiryǵy.
5. Berejnaia T.N. Formirovanie innovacionnoi metodicheskoi kültury uchitelä nachälnyh klassov v prosesse professionälnoi podgotovki v vuze. Diss...kand.ped.nauk. – Krasnodar, 2010. 212 s.
6. Uikipedia aşyq ensiklopediasy. Mädeniet. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82>
7. Barsel A. Znachenie tehnologicheskoi kültury i tehnietiki //«Vestnik vyşsei şkoły», 1991. - № 12. – S.54-58

8. Natalia Tri Astuti, Soewarto Hardhienata, Eka Suhardi. Enhancing teachers' innovative behavior through organizational culture strengthening, information and communication technology literacy, and work motivation. *International Journal of Economy, Education and Entrepreneurship*. Vol. 4. No. 3. 2024. DOI: <https://doi.org/10.53067/ije3.v4i3.310>

9. Yang Chen. Teacher Autonomy, Creative Self-efficacy, and Innovative Behavior: Perspectives from Chinese University EFL Teachers. *Arab World English Journal (AWEJ)* Vol.15. No 2, June 2024. R.73-86. DOI: <https://dx.doi.org/10.24093/awej/vol15no2.5>

10. Christopher DeLuca, Michael Holden, Nathan Rickey. From challenge to innovation: A grassroots study of teachers' classroom assessment innovations. *British Educational Research Journal*. Vol. 51, Issue 1. February 2025. P. 93-114 <https://doi.org/10.1002/berj.4065>

11. Rahman Syaiful, Mochammad Nursalim, Amrozi Khamidi. Meaningful Learning in Philosophical Perspective: A Review of Ontology, Epistemology, and Axiology. Vol. 7 No. 2 (2024): *Journal of Education Technology and Inovation (Desember)*. DOI: <https://doi.org/10.31537/jeti.v7i2.2152>

12. Leonid Vakhovskiy. Axiological Potential of Philosophy of Education. Vol. 16 No. 1 (2025): *Journal of Education Culture and Society*. <https://orcid.org/0000-0003-4163-2453>

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.012>

Мусина В.Т.,¹  Абильдина С.К.^{1*} 

¹Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, г.Караганда, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ РЕФЛЕКСИВНЫХ УМЕНИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: АНАЛИЗ ИССЛЕДОВАНИЙ

Аннотация

Развитие инклюзивного образования в Казахстане напрямую связано с уровнем профессиональной подготовки педагогов, включая их способность к самоанализу и объективной оценке собственной деятельности. Недостаток рефлексивных умений затрудняет адаптацию образовательного процесса и может усугублять трудности обучения и социализации разных обучающихся, в том числе с особыми образовательными потребностями. Цель статьи – провести анализ казахстанских и зарубежных исследований, посвященных формированию рефлексивных умений у будущих педагогов в инклюзивной образовательной среде, выявить существенные подходы и предложить направления совершенствования образовательных программ и методики преподавания. В рамках исследования осуществлен поиск публикаций в базах Google Scholar, Scopus и Web of Science, проведены статистический и контент-анализ, который охватил два направления: выявление проблем и анализ подходов к формированию рефлексивных умений у будущих педагогов в инклюзивной образовательной среде. Результаты показывают, что эффективное формирование данных умений требует сочетания структурированных инструментов (дневники, портфолио, журналы) с интерактивными форматами взаимодействия (фокус-группы, наставничество и т.д.), при этом различия обусловлены культурными, институциональными и технологическими факторами. Выделены подходы: институциональный, системный, практико-ориентированный, исследовательский и цифровой. Полученные результаты использованы для разработки рекомендаций по совершенствованию образовательных программ и методики преподавания.

Ключевые слова: рефлексивные умения, будущие педагоги, начальная школа, профессиональная подготовка, инклюзивное образование, подходы.